



Қ.А. Қыдырбаев ^{1*}, Ш.Б. Қожабекова ²

¹Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Абылайхан атындағы ҚазХҚЖӨТУ университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: kaldibay75@gmail.com

ДИГРАФТЫҢ ТҮРКІ ЖАЗУЛАРЫНА ЖАРАМСЫЗДЫҒЫ (Қазақ, өзбек және араб графикалы ескі түрік жазулары негізінде)

Бекітілген әліпби көпшілік тарапынан үлкен сынға ұшырап, ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев Мәдениет және спорт министрлігіне жаңа әліпбиді жетілдіру жөнінде тапсырма бергеннен кейін, бірнеше автордың жобалары талқылаудан өтті. Жоба ұсынушылар арасында әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, қазақ тілі дыбыстарын пернетақтаның 26 түймесіне сыйдырғысы келгендер болды. Солардың кейбірі қазақ тіліне тән дыбыстар мен ортақ және кірме дыбыстарды диграф, триграфтар арқылы бергісі келсе, енді біреулері тіліміздің үндестік заңын алға тартып, А. Байтұрсынұлының дәйекше заңдылығын негізге алғылары келді. Бұл мақаламызда бекітілген қазақ әліпбиі мен ұсынылған жобалардан мысалдар келтіре отырып, түркі жазуларына диграфтарды қолдану жарамсыз екенін дәлелдейтін боламыз. Сонымен қатар қазіргі өзбек тілі әліпбиіндегі /ng/ диграфына тоқталып, оның өзбек тіліне теріс әсерін көрсететін боламыз. Сондай-ақ тіл тарихына тоқталып, XIV ғасырда Мысыр мәмлүк қыпшақтары тарапынан жарық көрген араб графикалы «Тәржұман...», XI ғасырда жарық көрген Махмұт Қашқаридың «Диуан лұғат әт-Түрк» еңбектеріндегі «تتكري» сөзінің жазылуына шолу жасап, ондағы /ك/ диграфының зерттеушілер тарапынан жасалған транскрипцияға әсерін және А. Байтұрсынұлы төте жазуында диграфтарға орын бермеу себебін ашып көрсетеміз.

Түйін сөздер: түркі тілдері, қазақ әліпбиі, латын графикасы, диграф, Тәржұман, Диуан лұғат әт-Түрк.

K.A. Kydyrbayev^{1*}, Sh.B.Kozhabekova²

¹Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Kazakhstan, Almaty

²Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: kaldibay75@gmail.com

The unacceptability of the digraph to the turkic writing (based on the Arabic script of the old Turkish, Kazakh and Uzbek writing)

After the approved alphabet was criticized by the public, the President of the Republic of Kazakhstan K. Tokayev instructed the Ministry of Culture and Sports to improve the new alphabet, as a result of which the projects of several authors were discussed. Among the initiators of the project were those who wanted to fit the sounds of the Kazakh language into 26 keyboard keys in different ways. Some of them wanted to convey sounds, both common and borrowed sounds of the Kazakh language through digraphs, trigraphs, while others are making an attempt to promote the law of consonance of our language and use the regularity (dayekshe in Kazakh) of A. Baitursynov. By giving examples from the approved Kazakh alphabet and proposed projects, in this article we will prove that the use of digraphs for the Turkic script is not entirely acceptable. We will also focus on the digraph / ng / in the modern Uzbek alphabet and its negative impact on the Uzbek language. We will also consider the history of the language, analyze the spelling of the word "تتكري" in the work "Tarjuman ..." in Arabic script, published in the XIV century by the Mamluk Kypchaks in Egypt, as well as in the work of M. Qashqari "Divan lugat at-Türk" from the XI century, define the influence of the digraph / ك / on the transcription prepared by the researchers, as well as the reason for the absence of digraphs in the letter of A. Baitursynov (tote zhazu in Kazakh).

Key words: Turkic languages, Kazakh alphabet, Latin graphics, digraph, Tarjuman, Divan lugat at-Turk.

¹ Бұл зерттеу жұмысы ҚР БЖҒМ Ғылым комитетінің AP08855781 гранты есебінен қаржыландырылды.

Қ.А. Қыдырбаев^{1*}, Ш.Б. Қожабекова²

¹Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Казахстан, г. Алматы

²Казахский университет международных отношений и международных языков
им. Абылай хана, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: kaldibay75@gmail.com

Неприемлемость диграфа к тюркской письменности (на основе арабской графики старого турецкого, казахского и узбекского письма)

После того, как утвержденный алфавит подвергся критике со стороны общественности, Президент РК К.-Ж. Токаев дал поручение Министерству культуры и спорта по совершенствованию нового алфавита, в результате чего прошло обсуждение проектов нескольких авторов. Среди инициаторов проекта были и те, кто хотел разными способами уместить звуки казахского языка в 26 клавиш клавиатуры. Некоторые из них хотели передать звуки, как общие, так и заимствованные, казахского языка через диграфы, триграфы, а другие предпринимают попытку продвинуть закон созвучия нашего языка и использовать регулярность (дайекше) А. Байтурсынова. Приводя примеры из утвержденного казахского алфавита и предлагаемых проектов, в этой статье мы докажем, что использование диграфов к тюркской письменности не совсем приемлемо. Мы также остановимся на орфографе / ng / в современном узбекском алфавите и его негативном влиянии на узбекский язык. Также рассмотрим историю языка, проведем анализ написания слова «*تنگري*» в труде «Тарджуман...» в арабской графике, изданном в XIV веке мамлюкскими кыпчаками в Египте, а также в труде М. Кашкари «Диван лугат ат-Тюрк» от XI века, определим влияние диграфа /*نگ*/ на транскрипцию, подготовленную исследователями, а также причину отсутствия диграфов в письме А. Байтурсынова (тоте жазу).

Ключевые слова: тюркские языки, казахский алфавит, латинская графика, диграф, Тарджуман, Диван лугат ат-Турк.

Кіріспе

Қазақ Елі әліпбиін кирилден латын графикасына көшіру туралы саяси шешім қабылдағалы бері латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің көптеген нұсқасы жасалды. Бірнешеуі үкіметке қарауға ұсынылды. Алдымен диграф нұсқасы ұсынылып, бұл нұсқа халық арасында қолдау таппады. Содан кейін кей дыбыстарды апостроф арқылы таңбалауға негізделген екінші жоба ұсынылды. Бұл жобаны да халық қолдамады. 2018 жылы 22 қаңтарда Қазақстан «Ғалымдар одағының» мүшелері Елбасы Н.Ә. Назарбаевқа ашық хат жолдап, апострофсыз жаңа латын әліпбиінің нұсқасын ұсынды. Осы жыл 19 ақпанда ҚР Президенті жарлығымен жаңа әліпби бекітілді. Бұл әліпбиде ғалымдардың «бір дыбыс – бір таңба» болсын деген ұсынысы ескеріліп, апострофты ақут диакритикасына ауыстырды. Алайда Елбасы бекіткен әліпбиі туралы: «Бұл – жаңа әліпби. Жаңаның аты – жаңа, ол іс жүзінде тексерілмеген. Сондықтан жаңа әліпбиді сөз құрамында, мәтін құрамында, жазуда, айтуда егжей-тегжейлі зерттеп, қолданыста қалай болатынын білу керек, кем-кетіктерін толықтырып, жетілдіру керек», – деп айтты. Алдыңғы қолдау таппаған диграф және апостроф нұсқалары пернетақтадағы 26 түймеге негізделсе, ақут нұсқасы 30 түймеге негізделді.

Демек Елбасы өзінің соңғы бекіткен «бір дыбыс – бір таңба» нұсқасын жетілдіруге жол ашты. Арада бірнеше уақыт өткеннен кейін бекітілген әліпби сөз құрамында, мәтін құрамында, жазуда, айтуда егжей-тегжейлі зерттеліп, іс жүзінде тексерілгеннен кейін, көптеген кемшіліктері анықталды. Түрлі сала ғалымдары тарапынан мақалалар жазылып, әртүрлі кемшіліктері көрсетіліп жүрді. Латын графикасымен жазылған жарнамалар, мекеме, дүкен т.б. атаулары қалың көпшілік тарапынан үлкен сынға ұшырады. Осындай сындарға көңіл бөліп жүрген ҚР Президенті Тоқаев Қ.К. 2019 жылы 21 қазанда: «Әліпбиді латын қарпіне көшіру туралы тарихи шешімнің қабылданғанына екі жылға жуықтады. Бірақ қарпімізде әлі де олқылықтар бар. Тіл мамандары жаңа әліпбиді жетілдіруі керек» (Президент жаңа әліпбиді жетілдіруді тапсырды, 2019), – деп, Мәдениет және спорт министрлігіне жаңа әліпбиді, яғни «бір дыбыс – бір таңба» нұсқасын жетілдіру жөнінде тапсырма берді.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Президенттің тапсырмасынан кейін жекелеген бірнеше автордың онға тарта әліпби жобалары талқыланды. Умлаут негізінде жетілдірілген жаңа нұсқасы әзірленгеніне қарамастан

диграфты жақтаушылар тарапынан жоғары жаққа ұсыныс берушілер толастамады. Жоба ұсынушылар арасында қазақ тілі дыбыстарын пернетақтаның 26 түймесіне сыйдырып жүргендер де бар. Олардың кейбірі қазақ тіліне тән дыбыстар мен кейбір ортақ және кірме дыбыстарды диграф, триграфтар арқылы бергісі келсе, енді біреулері тіліміздің үндестік заңын алға тартып, А. Байтұрсынұлының дәйекше заңдылығын негізге алғандарын айтады. Пернетақтаның 26 түймесімен шектелгісі келетіндердің негізгі ұстанымдары, қазақ тілінің емле ережелерін ағылшын тілінің емле ережелеріне негіздеу және бес мыңға жуық халықаралық терминдерді ағылшын тіліндегідей жазуды ұсыну және қазақ тіліне орыс тілінен күштеп енгізілген кейбір дыбыстарды сақтап қалу.

Бұл жұмыстың мақсаты кей авторлардың әліпби құрамына ұсынған қос таңбалы әріптері көрсетіліп, мысалдар мен нақты дәлелдер арқылы қазақ жазуына диграфтың тиімсіз екені дәлелденеді.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Түркі жазуларына диграфтың тиімсіз екенін көрсетуде қазіргі тіл білімінде қалыптасқан негізгі принциптер мен ғылыми әдіс-тәсілдер пайдаланылады. Индукция, дедукция, салыстыру, теңестіру және жинақтау ғылыми талдаудың жалпы әдіснамасына сүйенеміз. Жұмыста лингвистикалық, тарихи және басқа да гуманитарлық ғылымдардың зерттеу әдістері пайдаланылады. Зерттеу жұмысы барысында негізгі лингвистикалық әдістерді: салыстырмалы-салғастырмалы зерттеу, сипаттау, жүйелеу, топтау, қажетті мәліметтерді саралау, пікірлерді қорыту әдістері мен аударма тәсілдері қолданылады.

Нәтижелері және талқылама

Қазақ әліпбиіне ұсынылған жобалардың бірі «ABZALalphabet» жобасы (12 жастағы вундеркинд қазақ әліпбиінің ақутсыз жаңа нұсқасын ұсынды, 2018). Жобада сегіз диграф, бір триграф бар. Жоба авторы орыс тілінен күштеп енгізілген ц, ч, ю, я әріптерін қалдырып, ц-ны /с/ таңбасымен, қалғандарын /ch/, /jw/, /ja/ диграфтарымен, щ әрпін /sch/ триграфымен, ал дауыссыз [Ғ], [ж] дыбыстарын /gh/, /zh/, дауысты [ә], [ө], [ү] дыбыстарын /aa/, /oe/, /ue/ диграфтарымен берген. Автор бұл әріптер болмаса көп нәрседен ұтылатынымызды, яғни «Аят, Баян, Саян, Саят»

секілді қазақ кісі есімдерін, «чемпион, ащы, тұщы, аю, ою, қою, қоюландыру, баяғы, ұя, ұят, саяхат, саябақ, таяқ» секілді қазақ төл сөздерін (чемпион мен саяхат сөздері кірме сөздер), «цинк, цирконий» секілді химиялық элементтерді, «цефтриаксон, церукал, циннаризин» секілді дәрі атауларын, «цунами, цитоплазма, ядро, ядролық реакция» секілді термин сөздерді, «Цейлон, Целебес, Цхинвали, Цюрих» секілді жер-су, қала атауларын, Сосковец, Циалковский (дұрысы Циолковский), Иванович, Шевченко, Челси, Чапаев, Ющенко, Юрий Яковлев, Якуб секілді кісі атауларын жаза алмай қаламыз дейді. Олай деуге негіз жоқ.

Я, ю әріптері й+а, й+у қосар дыбыстарының таңбасы. Бұл қосар дыбыстар латын графикасын қолданатын түркі тілдері мен өзге де шетел тілдерінің бәрінде дерлік ажыратылып жазылады және бұл екеуіне арнайы таңба да, диграф та берілмеген. Мысалы Саян таулары ағылшын тілінде *Sayan*, португал тілінде *Saian*, дат тілінде *Sajan*, эзербайжан, түрік, өзбек тілдерінде *Sayan* деп, ал Юрий есімін ағылшын тілінде *Yuri*, португал тілінде *Iuri*, итальян тілінде *Jurij*, эзербайжан, түрік тілдерінде *Yuri*, өзбек тілінде *Yuriy* деп ажыратып жазады. Автор келтірген барлық мысалдардағы я мен ю әріптерін әлемдік тәжірибеге сай осылай ажыратып жазуға болады. Бұл екі әріпті әліпбиде арнайы диграфпен белгілесек те, белгілемесек те, берілген мысалдардағы я мен ю әріптерінің дыбысы *ja*, *jw* болып ажыратылып жазылмақ. Олай болса бұл екеуіне әліпбиден арнайы орын берудің қажеті қанша. Бекерге әліпби құрамындағы әріп санын көбейтіп тұр емес пе?

Цинк, цирконий т.б. химиялық элемент атаулары орыс тіліне икемделген атаулар. Бұл элементтердің атауын орыс тілінен өзге тілдерде ц таңбасының дыбысымен, яғни [тс] қосар дыбысымен бермейді. Мысалы бұл элементтер ағылшын тілінде *zinc*, *zirconium*, испан тілінде *zinc*, *circonio* және *zirconio*, неміс тілінде *zink*, *zirconium*, португал тілінде *zinco*, эзербайжан тілінде *sink*, *sirkonium*, түрік тілінде *çinko*, *zirkonium*, өзбек тілінде *ruh*, *sirkoniy* деп берілген. Демек латын графикасын қолданатын тілдердің барлығы дерлік мұндай терминдерді өз тілдеріне бейімдеп алған. Тіпті цинк элементінің өзбек тілінде *ruh* деген өз атауы бар. Қазақ тілінде де оны *мырыш* дейді. Сондықтан аудармасы бар терминдерді орыс тілінен қайта көшірудің қажеті жоқ. Ал аудармасы жоқ терминдерді орыс тіліне бейімделген нұсқасымен айтпай-ақ,

латын графикасын қолданатын өзге тілдердің тәжірибесіне сай, қандай жолмен болса да, қазақ тіліне бейімдеп алған жөн. Демек *ц* әрпін латын графикалы қазақ тіліне, ыңғайына қарай *s* немесе *z* деп бейімдеуге болады. Бұл құрамында *ц* әрпі бар автор келтірген *цефтриаксон, церукал, циннаризин, цунами, цитоплазма, реакция, Цейлон, Целебес, Цхинвали, Цюрих, Сосковоец, Циолковский* сөздеріне де қатысты. Сол секілді кірме */ч/* әрпін де қазақ әліпбиіне енгізудің қажеті жоқ. Өйткені бұл таңбаның дыбысын да тілімізге *[ш]* деп бейімдеуге болады. Яғни мысалдарда келген *Челси, Чанаев, Шевченко* секілді онимдерді *Шелси, Шанайев, Шевшенко*, т.б. деп бейімдеуге толық мүмкіндік бар. Демек, орыс тіліндегі дыбысталуымен жазбасақ, көп нәрседен ұтыламыз деуге еш негіз жоқ. Олай жазбай жүрген ағылшын, испан, неміс, португал, түрік, өзбек, эзербайжан т.б. халықтар ештеңеден ұтылып отырған жоқ.

Қазақ тіліндегі *ащы, тұщы, кеңсе* сөздері және *Ющенко* секілді өзге ұлт есімдеріндегі *щ* әрпін енгізу де әліпбиді басы артық әріппен толтыру болмақ. Өйткені бұл әріп *ш+ш* қосар дыбыстың таңбасы. Бұл дыбысты *ащы, тұщы, кеңсе* сөздерінде *аишы, тұишы, кеише* деп, ал *Ющенко* есіміндегі *щ-ны ш* арқылы *Юшенко* деп бейімдеуге болады.

Ал *[ң]* дыбысына */h/* таңбасын беру жөнсіз секілді. Өйткені бұл таңба латын графикасын қолданатын тілдерде мұрын жолды *[ң]* дыбысының таңбасына мүлдем жақындамайды. Яғни */h/* таңбасын *[ң]* дыбысының таңбасына беру әлемдік тәжірибеде жоқ (Н., : <https://cutt.ly/XcfigjRF>). Бұл дегеніміз ақут нұсқасындағыдай *[у]* дыбысына */ŷ/* таңбасын бергенмен бірдей болмақ. Яғни ақут нұсқасындағы *[у]* дыбысына берілген */ŷ/* таңбасын халық қабылдамағаны секілді, *[ң]* дыбысына */h/* таңбасын беруді де халық қолдай қоймас.

Сонымен қатар дауысты *[ә]* дыбысына */aa/*, *[ү]* дыбысына */ue/*, *[ө]* дыбысына */oe/* диграфтарын берген дедік. Алдыңғы ұсынылған әліпбидегі диграфтардан мұның айырмашылығы автор *[ә]* дыбысына */aa/* диграфын берген. Оны автор *сәбіз, Нәби* секілді сөздердің жазылуы орыс тілінде анайы көрінгендігімен, сол себепті де халықтың бұл диграфқа қарсы шыққандығымен түсіндіреді. Осы кемшілікті *[ә]* дыбысына */aa/* диграфын беру арқылы шешкенін айтады. Алайда мұнда жуан дауысты төл дыбыстарды */e/* таңбасын қосу арқылы жіңішкерту ережесі бұзылып тұр, яни өзге тілділерге анайы

көрінетіндігі үшін жүйелілік бұзылып тұр. Жалпы туыстығы жоқ тілдер арасында бірінің сөзі екіншісінде анайы сөздер секілді жазылуы немесе анайы сөздер секілді естілуі қалыпты жағдай. Оған көптеген мысал келтіруге болады. Тіпті кейбір шетелдік сөздердің де жазылуы қазақтар үшін анайы көрініп, дыбысталуы анайы естіліп жатады. Солай екен деп ешқандай тіл әліпбилеріне өзгерістер енгізген емес, тіпті сөздерін де өзгерткен емес. Ең бастысы ондай сөздер жазылуы, дыбысталуы мен мағынасы өздері үшін анайы емес. Қазақ халқы диграфқа *сәбіз, Нәби* сөздері үшін емес, жалпы диграфтардың тіл табиғатына үйлеспейтіндігінен қарсы шыққан болатын. Ал *сәбіз, Нәби* секілді сөздердің жазылуы оған қосымша тұздық болды деуге болады.

Е. Тасболаттың жобасында бес диграф бар. Яғни *[ғ], [ң], [ч], [ш]* дыбыстарына */gh/, /ng/, /ch/, /sh/* диграфтарын берген, ал дауыссыз дыбыстардың алдында, соңында және ортасында келетін *[и]* дыбысына ағылшын тілінің емлесіне жүгіне отырып */ee/* диграфын берген (Латын әліпбиі: теория, әдістеме және насихат, 2019: 175-181). Сонда *тима, сирақ, тиме, би, иман, сәби, қанеки, тарих, инелік* сөздерін *peema, ceeraq, teeme, bee, eeman, säbee, qanekee, tareeh, eenelik* деп, *Сәбит, Димаш, Хадииша* есімдерін *Säbeet, Deemash, Hadeesha* деп жазбақ.

Мұнда ақут нұсқасындағыдай *[x], [h]* дыбыстарына */h/* таңбасын *[ш]* дыбысына *[sh]* диграфын қалдырған. Бұл өз кезегінде бекітілген ақут нұсқасындағы үлкен кемшіліктердің бірі болатын. Өйткені қазақ тілінде */c/* және */x/* әріптері қатар келетін жекелеген сөздер мен кісі есімдері, кейбір жат сөздер бар. Нәтижесінде *алғысхат, дәрісхана, пешхана, факсхат, асхана*, т.б. сөздер мен *Асхат, Асхан, Досхан*, т.б. есімдер *algysht, dārishana, peshana, fakshat, ashana, Ashat, Ashan, Doshan* деп жазылып, *алғышат, дәрішана, пешана, факшат, ашана, Ашат, Ашан, Дошан* болып оқылуы мүмкін. Шеттілдік *пасха* (діни мереке), *паша* (титул) сөздері *pasha, pasha* болып бірдей жазылмақ. Қайсысы *паша*, қайсысы *пасха* екенін ажыратып көріңіз. Сонымен қатар екі түрлі ұғымды білдіретін шеттілдік *схема, шема* сөздері *shema, shema* деп, *шай* сөзі мен шетелдік кісі есімі *Схай* да *shai, Shai* деп бірдей жазылмақ (Қыдырбаев, 2018: 123).

Қазақ тілінде */ш/* әрпі қолданылатын сөздер өте көп. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде */ш/* әрпімен басталатын сөздер (сөз ортасы мен сөз соңындағыларын қоспағанда) 442 бетті қамтиды

(Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 216: 180-622). Осыншама /ш/ әрпі диграф арқылы екі еселенгенде жазу көлемі қаншалықты көбейетінін есептей беріңіз. Мысалы, үш әріппен жазылып жүрген *шаш*, *шеш* сөздері *shash*, *shesh* болып бес әріппен, алты әріппен жазылып жүрген *шешуші* сөзі тоғыз әріппен жазылмақ;

Қазақшада /н/ және /г/ әріптері қатар келетін жекелеген сөздер кездесетіндіктен [ң] дыбысына /ng/ диграфын беру де тиімсіз. Ондай жағдайда *күңгі*, *көңгім* сөздері *küngi*, *köngim* деп жазылып *күңі*, *көңім* деп оқылуы мүмкін. Алайда автор мұндай сөздерді айтылуы бойынша *күңгі*, *көңгім*, яғни *künggi*, *könggim* деп жазу арқылы мәселені шешуге болатынын айтады. Дегенмен мұндай жағдайда екі *g* әрпі қатар жазылып, көзге оғаш көрінеді. Автор бұл диграфтың артықшылығы ретінде *brifing*, *miting*, *boing* т.б. сөздерді ағылшын тіліндегі нұсқасымен бірдей жазып, ағылшын тіліндегідей дыбыстайтынымызды айтып отыр.

Автор *ц* әрпіне латын графикасындағы /Cс/ таңбасын, ал /ч/ әрпіне /ch/ диграфын берген. Мұндай жағдайда *ц* және *х* әріптері қатар келетін *Цхай*, *Цхинвал*, *Цхададзе* секілді шетелдік жалқы есімдер *Chai*, *Cheenval*, *Chadadze* деп жазылып, *Чай*, *Чинвал*, *Чададзе* деп оқылуы, ал *Charai* деп жазылған *Чанай* есімі *Цханай* деп оқылуы мүмкін.

М. Сапарбаевтың әліпби жобасында сегіз диграф бар. Олар дауысты дыбыстардың а – а, ә – ah, о – о, ө – oh, ұ – u, ү – uh және дауыссыз дыбыстардың ч – ch, ш – sh, ғ – gh, ң – nh, ж – zh диграфтары (Латын әліпбиі: теория, әдістеме және насихат, 2019: 182-184). Жоба авторы [x] дыбысын /x/ таңбасымен беріп, *h* әрпін ақуттың орнына жуан дауыстылардың жанына қосақтау арқылы жіңішке сыңарын беретін белгі ретінде ұсынады. Мысалы, а – а, ә – ah, о – о, ө – oh, ұ – u, ү – uh. Ал үндестік заңына сай, бұл белгі жіңішке буындардан құралған сөздерде жазылмайтынын айтады. Яғни *Әсем*, *Әлібек*, *Көркем*, *Гүлім* есімдері *Ahsem*, *Ahlibek*, *Kohrkem*, *Guhlim* деп емес, *Asem*, *Alibek*, *Korkem*, *Gulim* болып жазылып, үндестік заңы бойынша *a*, *o*, *u* әріптері *a*, *o*, *u* болып жіңішкеріп оқылмақ. Алайда автордың ережесі бойынша *h* тек қана бір буынды сөздерде немесе жеке әріптерді ажыратуда ғана керек. Ал дауыссыз дыбыстардағы *h* белгісі әрдайым түсірілмей бірге жазылады.

Автордың ережесі бойынша бір буынды «үш» сөзі *uhsh* деп жазылмақ. Сонда осы түбірден туындаған екі буынды *үшем* сөзі *ushem*

деп жазылады ма, әлде *uhshem* деп жазылады ма, ол жағын ашып көрсетпеген. Егер *ushem* деп жазылса *uhsh* түбірі қайда кетті, ал *uhshem* деп жазылса автор айтқан үндестік заңы қайда қалды. Сол сияқты үшінші сөзі *uhinshi* деп жазыла ма, әлде *uhshinshi* деп жазыла ма? Сондай-ақ бір буынды *өш* етістігі *ohnh* деп жазылады. Сонда осы түбірден туындаған *өшір* сөзі *oshir* деп жазылады ма, әлде *ohshir* деп жазылады ма? *Oshir* деп жазылса, *ohsh* түбірі қайда кетті, ал *ohshir* деп жазылса, үндестік заңы қайда қалды.

Алдыңғы мақалаларымызда әліпби бекітілмес алдын *u* мен *и* әріптерінің мәселесі, яғни бұл екеуінің дыбыстары ажыратылып не біріктіріліп жазылу мәселесі түбегейлі шешілгені жөн деген болатынбыз. Сондай-ақ бұл екі таңбаның дыбыстары ажыратылып жазылатын әліпби біріктіріліп жазылатын әліпбиге ұқсамауы тиіс екендігін баса айтқанбыз (Қыдырбаев, 2019).

«ABZALphabet» пен М. Сапарбаев жобаларында *и* мен *у*-ға *j* мен *w* таңбалары берілген. Халықаралық тәжірибеде *j* да, *w* да дауыссыз дыбыстардың таңбасы. *И* ме *у*-ға дауыссыз дыбыстардың таңбасын беру, бұл екеуінің дыбысын ажыратып жазатын жағдайда ғана дұрыс келеді. Мысалы *су* және *ми* сөздеріндегі *у* мен *и*-дың дыбыстарын ажыратпай *sw* және *mj* деп жазу тиімсіз. Бұл деген *сұр*, *мыс* деген сөздерді *сп*, *мс* деп, яғни *sr*, *ms* деп жазғанмен бірдей. Керісінше *у* мен *и*-дың дыбыстарын ажыратып *сұу* және *мый* деп, яғни автордың әліпбиі бойынша *suw* және *muj* деп жазуға тиімді. Қысқасы авторлар жобасында *и* мен *у*-дың таңбасын біріктіріп жазуды қолдайды да, *и* мен *у*-ға керісінше, дыбыстарын ажыратып жазуға қолайлы таңбаларды берген.

Бұл екі жобада да *й* мен *и* әріптеріне бір ғана /j/ таңбасын берілген. Мұндай жағдайда *байиды*, *кейиді*, *мойиды* сөздері *bajjdy*, *kejjudi*, *moyjdy* болып, екі *j* әрпі қатар жазылмақ. Ал *Auda*, *Cauda* есімдері мен сөйлем басындағы *Aйда*, *Сайда* сөздері *Ajda*, *Sajda* және *Ajda*, *Sajda* болып бірдей жазылмақ.

Ал Е. Тасболат өз жобасында қазақ тілінде дауысты *у* дыбысы жоқ екеніне, тек дауыссыз *у* бар екеніне келісіп, кирилмен *су*, *тура*, *қурай*, *тату*, *бура* деп жазылып жүрген сөздердегі *у* әрпінің дыбысын тарқатып *suw*, *tuwra*, *quwrai*, *tatuw*, *buwra* деп жазу керектігін айтады (Латын әліпбиі: теория, әдістеме және насихат, 2019: 175-181). Алайда осы ереженің *и*-ға да қатысты екенін айтпаған. Яғни осы ережеге сай *куим*, *буик*, *жуи*, *уин* т.б. сөздердегі *и*-дің дыбысын

тарқатып жазуы керек еді. Бірақ та жобасында дауыссыз й-ге таңба бермей, и-ға /i/ таңбасы мен /ee/ диграфын берген.

Жетілдірілген әліпби үлгісі дайындалғанына қарамастан әлі күнге дейін ұсынылып жүрген әліпби тіл жанашыры әрі IT маманы Ж. Аймағановтың ABCNet жобасы. Бұл әліпбиде төрт акут: ә – á, ө – ó, ұ – ú, ү – ú, төрт диграф: ғ – gh, ң – ng, ч – ch, ш – sh бар (Аймағанов, 2016). Бұл жобаны жақтаушылар «ASCII кодтық парағына тән белгілерден құрастырылғандықтан, қазақ тілінің ерекшеліктерін және ағылшын тілінің жаһандануын ескере отырып, жазу ережелерін бабына келтірді» (Сәрсенғалиев, 2016: 143) дейді. Жоғарыдағы ng, ch, sh диграфына қатысты ескертпелеріміз бұл жобаға да қатысты. Сонымен қатар бұл жобада [ң] дыбысын бірде /ng/ диграфымен, бірде n таңбасымен жазуды ұсынады. Мысалы, әлем тілінде жазу мен оқу ережесін жеңілдетеді деген *оймен шаңғы, дөңгелек, таңертең, бұлаңдау* сөздеріндегі [ң] дыбысын *shanghy, dóngelek, tanerteng, búlandau* деп жазуды ұсынады. Бұл керісінше бастауыш сыныптағы оқушылар мен қазақ тілін үйренемін дейтін өзге ұлт өкілдеріне *шаңғы* сөзін *шанхы* немесе *шангы*, *дөңгелек* сөзін *дөңелек* немесе *дөнгелек* деп қате дыбыстауына апарарды.

Қазақ дыбыстарын диграфтар, триграфтар арқылы немесе үндестік заңын пайдаланып жуан дыбыстардың жіңішке сынарларына таңба арнау арқылы пернетақтаның 26 түймесіне құрсағысы келіп жүргендердің негізгі уәждері жоғарыда айтқанымыздай, қаржы үнемдеу, әлемдік экономика мен ғылым, медицина, IT технология саласында көш бастап келе жатқан АҚШ, Ұлыбритания секілді елдердің даму үдерісіне қосылу, әртүрлі экономикалық сылтаулар, бес мыңға жуық халықаралық терминдер мен сауда маркаларын ағылшын тіліндегідей жазу, қазақ тілінің емлесін ағылшын тілінің емлесіне икемдеу, сол арқылы қазақтарға ағылшын тілін игеруді жеңілдету және ағылшынтілділерге қазақ тілін үйренуді оңайлату т.б. Тіпті араларында орыс тіліне игерілген халықаралық терминдерді орыс тіліндегідей жазуды мақсат қойғандар да бар.

Біздің ойымызша, соншама терминді ағылшын тіліндегідей жазу дегеніміз, ықпалынан құтыла алмай жүрген орыс тілінің орнына екінші ықпалды тіл ағылшынды қоя салғанмен бірдей. Қандай да бір тілдің дыбыстарын ағылшын тіліне арналған 26 түймелі пернетақтаға негіздеу, аталған мәселелерді шеше қоймас. Оның

мысалы Африка құрлығындағы латын графикасын қолданатын бірнеше тілдің әліпбиі диграф, триграфтар арқылы пернетақтаның 26 таңбасына негізделгендігі. Одан алға шығып, жаңа технологияның түр-түрін игеріп, әлемді аузына қаратып отырған Африка елдері байқалмайды. Тіл үйренудің де графика ұқсастығына қатысы жоқ. Қазіргі қазақ тілі графикасы кирил болса да, қаншама қазақ жастары графикасы бөлек ағылшын, араб, қытай, жапон, кәріс, түрік т.б. тілдерді меңгеріп, әркім өз саласында Қазақ Еліне қызмет етіп жүр. Қазақстандағы орыстілді өзге ұлттар мен орыс тілді қазақтар бір кирилде отырып қазақ тілін үйренуге құлық танытпай отырған заманда, қазақ тілінің емлесін ағылшын тілінің емлесіне жақындату арқылы, ағылшынтілділер қазақ тілін меңгеріп кетеді деген сылтау да бекер нәрсе. Өзгелерге тіл үйретудің оңай тетігі Еуропа және өзге де дамыған елдер секілді сырттан келіп жұмыс жасайтындарға заң арқылы мемлекеттік тілді білуді міндеттеу ғана.

Халықаралық марка, бренд атауларын қазақ тілінде цитаталық принциппен өзгеріссіз жазу үшін жетілдіріліп ұсынылған әліпбиге қосалқы (C, W, X) әріптері қосылып отыр. Демек жаңа емле бойынша қазақ мәтіндерінде тұрқы бөтен Canon, Coca-Cola, Twitter, Word, Windows, Whatsapp, Yandex, Playtex, Kimex, Conex, Xerox, Peugeot т.б. сөздер жүретін болады (Шүленбаев, 2021). Мұндай халықаралық маркалар мен брендтердің кейбіріне жалғау оңай жалғанғанымен, кей сөздерде қиындық тууы мүмкін. Мысалы Whatsapp сөзіне барыс септігінің жалғауын жалғасақ WhatsaPPQa деп үш дауыссыз дыбыс, ал көмектес септігінің жалғауын жалғасақ WhatsaPPPen деп үш P қатар тұрмақ. Ал «Peugeot» [пежо] маркасына ше? Жазылуын негізге алып «Peugeotqa mindim» дейміз бе, әлде дыбысталуын негіздеп «Peugeotğa mindim» дейміз бе? Орыс сөздері жазылуы бойынша оқылатындықтан цитаталық принциппен жазылған (орыс тілі арқылы енген) кірме терминдерге жалғау, жұрнақтарды қосу қиын болған жоқ. Ал Халықаралық марка, брендтер арасында «Peugeot» секілді жазылуы бойынша оқылмайтын сөздер жеткілікті. Біздің ойымызша халықаралық марка, бренд атауларын цитаталық принциппен жазу жалғамалы түрік тілдеріне, соның ішінде қыпшақ тобындағы тілдерге жарамайтын секілді. Әлі де уақыт бар, мүмкіндік бар, ойланайық, жеті рет өлшейік. Дұрысы тілге икемдеп жазу деп ойлаймыз...

Ескі түркі тілдеріндегі نك (нг) / نغ (нг) диграфтары:

Араб графикалы ескі түрік тілдерінде де диграфтар қолданылғаны белгілі. Мысалы ортағасырлық «Тәржұман» мен «Диуан луғат әт-Түрк» еңбетерінде [ң] дыбысы نغ (нг), نك (нг) диграфтары арқылы берілген.

М.Т. Хоутсма طنغوز сөзін [tonguz] (M.Houtsma, 1894: 85), تنكري сөзін [tängri] (M.Houtsma, 1894: 69), تنگز сөзін [tängiz] (M.Houtsma, 1894: 69), ينگي сөзін [jängi] (M.Houtsma, 1894: 57), كينك сөзін [käing] (M.Houtsma, 1894: 139) деп берген. Сонымен қатар Махмұт Қашқаридың «Диуан луғат әт-Түрк» еңбегін зерттеген жапон зерттеушілері де تنكري сөзін *tängri* (<https://cutt.ly/ynohgTg>) деп берген. Нәтижесінде ғылыми айналымға осы жазылымы бойынша еніп, көптеген зерттеу жұмыстарында осылай беріліп жүр. Мысалы даниялық ғалым Ж. Асмуссен (Asmussen, 1965: 205) мен неміс түркологы А. Леккок (Le Coq, 1912: 24) зерттеулерінде бұл сөзді М.Т. Хоутсманьың ізімен [tängri] деп берген. Кеңес түркологтары да осылай TÄNGRI (Древнетюркский словарь, 1969: 544) деп жазған.

Күлтегін бітіктасын зерттеген ғалымдардың бірі Н. Базылхан: «Көне түрік тілі, түрік бітік тілі «шет тіл, жат тіл» емес. Ол байырғы ата-бабаларымыздың тілі... Қазіргі қазақ тілінде сөйлеуші адам мен көне түрік тілінде сөйлеуші адам өзара ымдаспай-ақ түсінісе алады деуге әбден болады» (Базылхан, 2005: 63) дей келе, сол дәуірлердегі белгілі бір сөздің дыбысталуы мен мағынасы, семантикалық өрісі қазіргі тілдегі сол сөздің дыбысталуы мен мағынасы толық сақталғандары, жартылай сақталғандары және мүлдем өзгеріске ұшырағандары барын айтады. Ғалым көне түрік тіліндегі 𐰽𐰺𐰍 сөзін диграфсыз [teŋiri] (Базылхан, 2005: 63) деп транскрипциялап, оны дыбысталуы мен мағынасы, семантикалық өрісі қазіргі тілде толық сақталған сөздердің қатарына жатқызады. Расында да қазіргі қазақ тіліндегі «тәңірі» сөзі өзге түркі тілдеріндегі мағынасымен бірдей және дыбысталуына үндес. Яғни барлық түркі тілдерінде бұл сөздің көне түрік тіліндегі дыбысталуы сақталған. Ал кей түркі тілдеріндегі, мысалы түрік, әзірбайжан тілдеріндегі *tanrı* нұсқасы төл [ң] дыбысына қазіргі әліпбилерінде арнайы таңба берілмеуден туындаған. Османлы жазуында [ң] дыбысына арнайы ڭ таңбасы берілгендіктен 𐰽𐰺𐰍 сөзі تڭرى деп жазылып, көне түрік тіліндегідей [тәңрі] деп дыбысталды (Şemseddin Sami, 1901: 429).

Ал батыс еуропа тілдеріндегі *tengri*, *tangri* және славян т.б. тілдердегі *тенгри*, *тангри* нұсқалары зерттеу жұмыстары мен еңбектердегі аталған сөздегі [ң] дыбысын білдіретін /نک/ диграфын *ng*, *ng* деп өзгеріссіз транслитерациялау нәтижесінде туындаған нұсқа деуге толық негіз бар. *Теңіз* сөзінің де кейбір славян тілдері мен еуропа тілдерінде *тенгиз*, *tengiz* деп жазылуы сондықтан.

Осыдан-ақ жалпы түркі тілдерінде қандай да дыбысты диграфпен таңбалау уақыт өте келе бастапқы дыбысталуынан ауытқытып жіберетінін байқаймыз. Бұл мәселе өзектілігін әлі де жойған жоқ. Мысалы өзбек тіліндегі [ң] дыбысына кеңес кезінде кирилдегі /нг/ диграфы берілген болатын. Қазіргі қолданыстағы латын графикалы әліпбиде де /ng/ диграфын берген. Нәтижесінде [ң] дыбысы қосар [нг] деп дыбысталып, [өзиңиз], [барыңиз], [келиңиз] деп дыбысталуға тиіс *o'zingiz*, *baringiz*, *kelingiz* т.с.с. сөздер қазіргі өзбек тілінде [өзингиз], [барингиз], [келингиз] деп дыбысталып жүр (Shakhnazarov, 2018). Осы мысалдан *тәңірі* сөзінің кей түркі тілдеріндегі, мысалы өзбек тіліндегі *tangri* нұсқасын төл [ң] дыбысын әліпбиде /ng/ диграфымен таңбалаудан туындаған деуге болады. Кей түркі тілдерінде *теңіз* сөзінің /тенгиз/ деп жазылып, [тенгиз] деп дыбысталуы да осыдан.

Кемеңгер А. Байтұрсынұлы жоғарыда айтылған кемшіліктерді ескеріп, қазақ әліпбиін жасауда диграфты қолданбаған. Қазақ тіліне тән дыбыстарға дәйекше мен кейбір диакритикалық таңбаларды пайдаланған. Дәйекше жуан дауыстылардың жіңішке сыңарларына қолданылса, қалған жағдайларда, яғни дәйекше тура келмейтін төл дыбыстарды таңбалауда араб графикасын қолданатын өзге тілдердің тәжірибесіне жүгіне отырып, көлбеу сызық, үтір, құсбелгі, үш нокат секілді араб графикасына тән бірнеше **диакритикалық** белгілерді қолданған. Мысалы араб әдеби тілінде жоқ дауысты [ү] дыбысын و әрпінің үстіне үтір қою арқылы ُ таңбасымен, дауыссыз [ң] дыбысын ڭ әрпінің үстіне үш нокат қою арқылы ڭ̣ таңбасымен, [г] дыбысын ك әрпінің үстіне көлбеу сызық қою арқылы گ таңбасымен, [п] дыбысын ب әрпінің астына екі нүкте қосып үш нүктелі ٓ таңбасымен берді. Ғалым осылайша компьютер дамымай тұрған ХХ ғасырдың басында-ақ сол кездегі технологияны қазақ тілінің әліпбиіне бейімдеді. А. Байтұрсынұлының төте жазуы өз заманында

араб графикасын қолданатын өзге де түркі халықтарының әліпбилері арасындағы ең озық әліпби саналғаны белгілі.

Қазіргі ғалымдар әліпби жасауда А. Байтұрсынұлының сара жолын ұстанамыз десе, диакритикалық белгілерден қашқақтаудың реті жоқ. Төл дыбыстарды диакритикалық белгілер арқылы беру араб графикасында ғана емес, әлемдік тәжірибеде бар дүние. Мысалы, латын графикасын қолданатын испан тілінде екі әріпте, швед, неміс, фин тілдерінде үш әріпте, эстон тілінде төрт әріпте, итальян, француз, румын, словен, хорват, түрік тілдерінде бес әріпте, венгер, литва тілдерінде тоғыз әріпте, латыш, чех тілдерінде он бір әріпте, словак тілінде он үш әріпте бар.

Аталған тілдердің арасында дамыған үлкен сегіздікке кіретін елдердің (Германия, Франция, Италия) тілдері де, БҰҰ-ның ресми тілі саналатын француз, испан тілдері де бар. Ұлттық дыбыстарының диакритикалармен әрленген таңбалары дамыған сегіздікке кіруге де, тілдерінің БҰҰ-ның ресми тілі болуына да кедергі болып отырған жоқ. Тіпті кейбір Шығыс Еуропа тілдерінде ұлттық дыбыстарды таңбалау үшін оннан аса әріпке әртүрлі диакритикалық таңбалар қосылған. Сондықтан латын графикасына негізделетін қазақ әліпбиінде жазу тұрқын созатын диграфтар мен триграфтардың болуы жөнсіз.

Таңба санын қысқартқысы келген кейбір авторлар жуан дауыстылардың жіңішке сыңарларын А. Байтұрсынұлының дәйекшесі секілді бермек болған. Айта кетелік, А. Байтұрсынұлының төте жазуындағы дәйекше араб графикасына ғана тән белгі. Қазақ тілінде дауыссыз дыбыстардың жуан-жіңішкелігі сол сөздегі дауысты дыбыстардың жуан-жіңішкелігіне қатысты болса, араб тілінде, керісінше, дауысты дыбыстардың жуан жіңішкелігі алдынан келген дауыссыз дыбыстардың жуан-жіңішкелігіне тікелей байланысты (Қыдырбаев, 2012: 62). Яғни дауысты дыбыстарды білдіретін *фатха*, *дамма*, *кәсра* харакаттары мен *әлиф*, *уәу*, *йәй* әріптері алдыңғы дауыссыз дыбыстың жуан-жіңішкелігіне қарай жуан немесе жіңішке оқылады. Араб графикасындағы дәйекше белгісі араб тіліндегі жіңішке дауыссыз хамзаның таңбасы. Хамзадан кейінгі дауысты дыбыстар әрдайым жіңішке дыбысталады. А. Байтұрсынұлы араб тіліндегі хамза белгісін, төте жазуда дәйекше деп алып, оның дауыстыларды жіңішкерту қасиетін әліпбиінде өте сәтті қолданған. Мұны арабтанушы мамандар жақсы түсінеді, ал қалың оқырманға кеңірек түсіндіру үшін арнайы мақала жазуды

керек етеді. Оны араб графикасынан өзге графикалардағы ешқандай таңба да, белгі де ауыстыра алмайды. Яғни дәйекшенің қызметін латын графикасындағы апостроф та, акут та, *h* әрпі де атқара алмайды. Оны әліпбидің халық қабылдамаған апостроф, акут нұсқалары дәлелдеп берді. М. Сапарбаев та өз жобасында *h* таңбасын дәйекшенің орнына белгі етіп алмақ болған. Жоғарыда оның да кемшіліктерін ашып көрсеттік. Қысқасы А. Байтұрсынұлының үндестік заңына қатысты қолданған дәйекше ережесін латын графикасына қолданамыз деу бос әурешілік болмақ.

Қорытынды және тұжырымдама

Қорыта келе айтарымыз, қазақ әліпбиін жасауда мүлдем туыстығы жоқ ағылшын тілінің 26 әрпіне бейімдеген түйmetaқтадағы таңбаларға қосақтамай, қазақ әліпбиінің атасы А. Байтұрсынұлының «Әріпке бола тілді бұзбайды, тілге бола әріпті бұзып өзгертуге болады» деген ұстанымын басшылыққа ала отырып, қазақ сөзінің түбір, буын, морфем айтылымын сақтайтын ең дұрыс, ең тиімді әліпби жасағанымыз жөн. Бұл болашақта латын графикасына көшетін бүкіл түркі тілдеріне де қатысты. Жоғарыда айтқанымыздай Еуропаның қаншама елдері «әріпке бола тілдерін бұзбай, тілдері үшін 26 әріпті бұзып» диакритикалық таңбалар арқылы ұлттық нақыштағы әліпбилерін жасап алды. Кейбір IT мамандары технология күн санап қарыштап дамып отырған осы заманда әліпбиді апострофтан басқа диакритикалық белгілерге негіздеу еш қиындық туғызбайтынын айтуда. Олай болса технология шарықтап дамыған XXI ғасырда, сол мүмкіндікті барынша тиімді пайдаланып, технологияны «бір дыбыс – бір таңба» қағидасына негізделетін әліпбиге бейімдеген жөн.

Қорыта келе айтарымыз, диграфтар қазақ және өзге де түркі тілдеріне мүлдем тиімсіз. Сондықтан латын графикасына өткелі отырған түркі халықтары әліпби жасауда мүлдем туыстығы жоқ ағылшын тілінің 26 әрпіне бейімдеген түйmetaқтадағы таңбаларға қосақтамай, А. Байтұрсынұлының «Әріпке бола тілді бұзбайды, тілге бола әріпті бұзып өзгертуге болады» деген ұстанымын басшылыққа ала отырып, жалпы түркі сөздерінің түбір, буын, морфем айтылымын сақтайтын ең дұрыс, ең тиімді әліпби жасағаны жөн. Жоғарыда айтқанымыздай Еуропаның қаншама елдері «әріпке бола тілдерін бұзбай, тілдері үшін 26 әріпті бұзып» диакритикалық

таңбалар арқылы ұлттық нақыштағы әліпбилерін жасап алды. Кейбір ІТ мамандары технология күн санап қарыштап дамып отырған осы заманда әліпбиді апострофтан басқа диакритикалық белгілерге негіздеу еш қиындық туғыз-

байтынын айтуда. Олай болса технология шарықтап дамыған ХХІ ғасырда, сол мүмкіндікті барынша тиімді пайдаланып, технологияны «бір дыбыс – бір таңба» қағидасына негізделетін әліпбиге бейімдеген жөн.

Әдебиеттер

- Asmussen J. Xuastvanift. Studies in Manisheism Capenhagen, 1965.
- Аймағанов Ж. ABCNet qazaq álippei [Электрон. ресурс]. – 2016. – URL: <http://abcnet.kz/abcnet/>
- Базылхан Н. "Көне түрік бітіктастары мен ескерткіштері (Орхон, Енисей, Талас)" // "Қазақстан тарихы түркі тілді деректемелерде" атты сериясы бойынша. II том. – Алматы: Дайк-пресс, 2005. – 252 б.
- Древнетюркский словарь. – Ленинград: Изд. «Наука» Ленинградское отд., 1969. – 676 с.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 15-том / Құраст. А. Жаңабекова, Т. Жанұзақ, Б. Әбілқасымов және т.б. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2013. – 816 б.
- Қыдырбаев Қ.А. Өзгеретін әліпби қандай болуы тиіс: Ескертулер мен ұсыныстар [Электрон. ресурс]. – 2019. – URL: <https://cutt.ly/Ocff2KR>
- Қыдырбаев Қ.А. Бекітілген әліпбидегі түзетілуі тиіс он кемшілік // Әл-Фараби ат. ҚазҰУ Хабаршысы. Шығыстану сериясы. – №4 (87). – 2018.
- Қыдырбаев Қ.А. Қазақ онимдерін араб тіліне транслитерациялаудың ғылыми-теориялық негіздері: PhD дис. – Алматы, 2012. – 176 б.
- Латын әліпбиі: теория, әдістеме және насихат. – Нұр-Сұлтан: «Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» КеАҚ, 2019. – 280 б.
- Le Coq A. Türkische Manicheica aus Chotseho. Bd. 1. Berlin, 1912.
- Президент жаңа әліпбиді жетілдіруді тапсырды [Электрон. Ресурс]. – 2019. – URL: <https://cutt.ly/9cfcgbiq>
- Сәрсенғалиев Ә.А. Ғаламтордағы қазақ латын жазуының салыстырмалы сараптамасы / Қоғамды ақпараттандыру: V халықар. ғыл.-практ. конф. еңбектері. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2016. – 411 б.
- Н. [Электрон. ресурс]. – URL: <https://cutt.ly/Xcfgrf>
- Houtsma M.Th. Ein türkisch-arabisches Glossar. Leiden, 1894. – 87 p. <https://cutt.ly/ynohgTg>
- Şemseddin Sami. Kamus-ı türki sözlüğü. 1901. – 1575 s.
- Шүленбаев Н. Латынграфикалы қазақ әліпбиі: кірме терминдерді жазудағы ұстанымдар [Электрон. ресурс]. – 2021. – URL: <https://cutt.ly/ecfflJl>
- Shakhnazarov B. Loting alifbosi ng haqida [Электрон. ресурс]. – 2018. – URL: <https://cutt.ly/RefgeiF>
- 12 жастағы вундеркинд қазақ әліпбиінің ақутсыз жаңа нұсқасын ұсынды [Электрон. ресурс]. – 2018. – URL: <https://cutt.ly/xcfgrLD>

References

- Asmussen J. Xuastvanift (1965). Studies in Manisheism Capenhagen.
- Aimaganov J. (2016) ABCNet qazaq álippei [Electron resurs: ABCNet Kazakh alphabets]. – URL: <http://abcnet.kz/abcnet/>
- Bazykhan N. (2005). "Kone turik bitiktastary men eskertkishteri (Orkhon, Yenisey, Talas)" [Ancient Turkic inscriptions and monuments (Orkhon, Yenisey, Talas)] // "Qazaqstan tarikhly turki tildi derektemelerde" atty seriasy boyinsha. II tom. – Almaty: Daik-press. – 252 p.
- Drevneturkskii slovar (1969) [Ancient Türkic dictionary]. Izd. "Nauka" Leningradskoe otd. Leningrad. – 676 str.
- Qazaq adebi tilinin sozdigi (2013). On bes tomdyq [Dictionary of the Kazakh literary language. Fifteen volumes.]. 15-tom / Qurast. A. Zhanabekova, T. Zhanuzaq, B. Abilqasymov, t.b. – Almaty: "Arys" baspasy. – 816 b.
- Kydyrbayev K.A. (2019). Ozgeretin alipbi qandai boluy tiis: Eskertuler men usynystar [Electron. Resurs: What should be the changing alphabet: Notes and suggestions]. – URL: <https://cutt.ly/Ocff2KR>
- Kydyrbayev K.A. (2018). Bekitilgen әlipbidegi tuzetilui tyis on kemshilik [Ten shortcomings in the approved alphabet need to be corrected]. Al-Farabi at. QazUU Khabarshysy. Shygystanu seriasy. – No. 4 (87).
- Kydyrbayev K.A. (2012). Kazakh onimderin arab tiline transliterasiyalaudyn gylimi-teorialyq negizderi [Scientific and theoretical bases of transliteration of Kazakh onyms into Arabic]. PhD dis. – Almaty. – 176 b.
- Latyn Alipbii: teoria, adisteme zhane nasikhat (2019). [Latin alphabet: theory, methodology and propaganda]. – Nur-Sultan: "Sh. Shayakhmetov atyndagy" Til-Qazyna "Ultyk Gylimy-praktilyk ortalygy" KeAQ. – 280 b.
- Le Coq A. (1912). Türkische Manicheica aus Chotseho. Bd. 1. Berlin.
- President Zhana Alipbidi Zhetildirudi Tapsyrdy (2019). [Electron. Resurs: The President instructed to improve the new alphabet.]. – URL: <https://cutt.ly/9cfcgbiq>

Sarsengaliev A..A. (2016). Galamtordgy qazaq latyn zhazuynyn salystymaly saraptamasy [Comparative analysis of the Kazakh-Latin script on the Internet] / Qogamdy aqparattandyru: V halyqar. gyl.-praktikal. konf. enbekteri. L.N. Gumilev atyndagy EEU. – 411 b.

H. [Electron. resource]. – URL: <https://cutt.ly/XcfgjRF>

Houtsma.M.Th. (1894). Ein türkisch-arabisches Glossar. Leiden. – 87 p.

<https://cutt.ly/ynohgTg>

Şemseddin Sami (1901). Kamus-ı türki sözlüğü. – 1575 s.

Shulenbaev N. (2021). Latyngrafikaly qazaq alipbii: kirme terminderdi zhazudagy ustanymdar [Electron. Resurs: Latin alphabet of the Kazakh alphabet: principles of writing key terms]. – URL: <https://cutt.ly/ecfflJ1>

Shakhnazarov B. (2018). Loting alifbosi ng haqida. [Electron. resource]. – URL: <https://cutt.ly/RcfgeiF>

12 zhastagy vunderkind qazaq alipbiinin akutsyz zhana nusqasyn usyndy (2018). [Electron. Resurs: The 12-year-old prodigy presented a new non-acute version of the Kazakh alphabet]. – URL: <https://cutt.ly/xcfgpLD>